

Әдебиет теориясы - әдебиеттану ғылымының сөз өнерінің табиғатын, оның әдістері мен методологиясын, әдеби процесс, рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтарын зерттейтін саласы.

Әдебиет теориясы осы бағыттағы заңдылықтар мен қағидаларды жүйелеп, поэтикалық, прозалық және драмалық көркем шығармалардың табиғатын тануға қызмет етеді. Әдебиет теориясы ұғымдар мен терминдердің, ғылыми қағидалар мен ережелердің құрғақ жиынтығы емес, ол — сол арқылы көркем әдебиетті (өз пәнін) барлық қырынан жан-жақты ашып көрсетудің құралы болып табылады. Әлемдік әдебиеттану ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша, Әдебиет теориясы — зерттеу объектісіне байланысты төрт топқа бөлінеді. Бірінші топтың зерттеу объектілеріне әдебиеттің адамзат қоғамы өміріндегі рөлі, жалпы өнер, мәдениет жүйесіндегі орны, әдеби шығармашылықтың тұтас болмысы, суреткер дүниетанымының эстетик. қуаты, оның даралық талғамының шығармашылық ортақ заңдылықтармен үндесуі, әдеби шығармашылыққа бүтіндей баға беру принциптері жатса, екіншісі әдебиеттің тарихи дамуы, жанрларының, тек пен түрінің ортақ заңдылықтарының қалыптасуы және әдеби процес (ағым, бағыт, кезең, дәуір, әдеби байланыс), көркем шығарманы талдау, қабылдау заңдылықтарын қамтиды. [5]

Қорыта келгенде, әдебиет теориясы көрсетілген осы мәселелерді зерттеу барысында әдебиет тарихымен қиылысады да, ортақ методологиялық принциптерді қалыптастырады. Келесі топ әдеби шығармалардың көркемдік-эстетикалық сапасын, яғни стиль мен әдеби тіл, сюжет пен композиция, жанрлар үндестігі, типологиясы, тарихилығы мәселелерімен айналысады. Бұл бағытта Әдебиет теориясы поэтикамен үндеседі. Соңғы топта, әдебиет рухани-эстетикалық құндылық тұрғысынан қарастырылады және ондағы мәңгілік құндылықтар мен өтпелі дүниелерге шынайы баға берілуі, әдеби процестің өз кезеңіндегі үрдістер сараланады. Әдебиет теориясы бұл жолы эстетикамен тұтасып, өнердің ортақ теориясымен және әдеби сынмен қиылысады. Сондықтан да әдебиет сабақтарында әдебиет теориясымен тереңдете жұмыс жасаған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Қ. Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
3. Әбдешүлі К., Тұрсынғалиев. Қазақ әдебиеті. 8 сынып. – Арман-ПВ, 2012.
4. Қ. Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
5. Қазақ әдебиеті «Шың» кітап.

Бахитова Жанель Габитовна

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс студенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
bakhit8va@gmail.com

*Ғылыми жетекші:
С.У.Такиров, ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор*

ДӘУРЕН ҚУАТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Бүгінгі қазақ әдебиетінде заман талабына сай прозалық, поэзиялық жаңа бастаулар орын алуда. Осының бірден-бір дәлелі – қазіргі жазушыларымыздың бұрын кездеспеген, өзіндік стильде жазылған, халық назарын бірден аударып алатын өзекті де рухты шығармалары.

Сондай шығармаларды жарыққа шығарып жүрген қаламгерлердің бірі – Дәурен Қасенұлы Қуат.

«Дәурен Қуаттың әңгімелері туған ел мен жер, оның тарихы, діні мен рухы төңірегінде өрбиді. Шығармаларынан бабатанымдық бірегей леп есіп тұрады. Ол оқырманға бәрін түгел баяндап бермейді. Кейбір шығармалары шешімін оқырманның еншісіне қалдырады. Бір ғажабы, әр әңгімесінде қазақ дейтін қасиетті ұлттың топырағында жаралған ұлы аңыздар, тарих, шежіре айтылады. Бұл ұлттың рухын алға бастап барады», - дейді жас ақын Хамит Есаман [1]. Расымен де, Дәурет Қуаттың шығармашылығынан біз рухты, мықты, күш берерлік леп байқаймыз. Яғни кез келген туындысын алсақ та, өзіндік қазақилығымен, тарихи күштілігімен ерекшеленіп тұрады.

Дәурен Қуат – 1973 жылы 10 ақпанда Алматы облысы, Қапал ауданы, Ащыбұлақ ауылында дүниеге келген. Ол – жазушы, Еуразия жазушылары одағының мүшесі, түркі әлемі ақын-жазушыларына арналған М.Қашқари және Ғ.Мүсірепов атындағы сыйлықтардың лауреаты. Қаламгердің «Дәстүр» баспасынан 2015 жылы «Әлқисса» атты прозалық кітабы жарық көрген [2].

Осы «Әлқисса» кітабында жазылған «Байғыз әйел» шығармасына тоқталатын болсақ, жазушы бір жағынан өнер құдіретін адам өмірімен ұштастырса көрсетсе, бір жағынан оның қасіретін де көрсете алды деп ойлаймын.

Алдымен шығарма атауы «Байғыз әйел» екеніне назар аударатын болсақ, көне деректер бойынша, қазақ байғыздың шақыруын жаман ырымға балап, ажалдың хабаршысы ретінде қабылдаған екен. Даусы ащы, біртүрлі жағымсыз болып келеді. Көктем-жазда түн жамылып, ағашқа, бағанаға қонақтайтыны бар. Байғыз түнімен сұңқылдап, төңіректің тынышын бұзатын көрінеді [3].

Шығарма қалада ешкімі жоқ, тік қабақ сұрша әйелдің жалғыздығын сипаттаудан басталады. Яғни жазушы оның бейнесіндегі томаға тұйықтығы, белгісіз мұң-шері мен әлемнен ажырап кеткен сипаты арқылы оқырманға «Бұл әйелдің мұндай күйге түсуіне не себеп?» деген заңды сұрақ туғызады. Шығарма бірінші жақтан жазылғандықтан, автор өзі де кейіпкер бола тұра, осы сауалға жауап іздейді. Пәтер иесі (әлгі әйел) күнұзақ немен айналысатыны мүлде белгісіз, алайда түн сайын өз жатын бөлмесінің есігін жауып қоятын көрінеді. Осы түсініксіз әрекеттерін аулада көрші тұратын кетік тіс кісі де жақтыртпай, оны нағыз алапес, оңбаған, ысқаяқ деп те жамандайтын көрінеді.

Осыншама сөздерге ие болатындай, пәтер иесінің өткен өмірі қандай болды екен? Оның жалғыздыққа беріліп, үмітін мүлде үзетіндей тағдыры немен байланысты?

«Жұмыстан қалжырап, ыстығым көтеріліп, әрең жеткем. Жайсыз жатыппын. Түсініксіз, келте, қорқынышты түстен шошынып басымды жастықтан жұлып алсам, тақ төбемнен төніп тұр: ақ кебінге оранған Ажал! «Тым жас екенсің-ау!» Кетік тіс көршімнің дауысы самбырлап дәл құлағымның түбінен естілді. Ары қарай көк пен жердің шексіз өзегі. Сүңгіп барамын, сүңгіп барамын. Ояңсам, қасымда кемпір отыр» [4; 11]. Жазушы берілген үзінді арқылы шығарма атауын меңзейтін секілді. Міне, осы сәттен бастап белгісіз күйге түскен әлгі «байғыз әйелдің» тағдыры біртіндеп суреттеле бастайды.

Оның барша қасіреті театрдан басталған-ды. Өзіне сай келген «Азалы әйел» рөлінен бас тартуы оның күйеуінің ішімдікке салынып, екі баласының суға батып кетуімен қалай байланысты? Автор осы тұста әлсіздікпен күресудің адам өміріндегі, жалпы психологиялық маңызын дәлелдейтін сықылды. Азалы әйел кейпіне енген ұлы актриса, пәтер иесі Ақлима Сыпатаеваның өнер қасіретіне ғашық болуы – өмірде көрген азабы, оның байғызға ұқсауының басты себебі екенін жазушы Дәурен Қуат күллі адам үміті, сезімі, сенімі арқылы керемет жеткізген-ді.

Қаламгердің шығарма идеясын осылайша қысқа, әрі терең аша алуында үлкен шеберлік, көркемдік жатыр десек, қате айтқанымыз емес.

Әңгіме тіліне келетін болсақ, жазушы эпитет, теңеулер арқылы әйел бейнесін анық елестете алатындай орынды қолданған. Ал осы бас кейіпкер монологі арқылы оқырман оның

сезімін тікелей сезіне алады. Сонымен қатар, жанама кейіпкер – көрші әйел образы да шығарма идеясын ашуда, көтерілген проблеманы көрсетуге, бәлкім шешуге де тура бағытталғаны байқалады.

Жазушы Дәурен Қуаттың келесі бір шығармасы – «Бөрі соқпақ». Бұл әңгімені бір оқығаннан түсіну күрделі болуы мүмкін, себебі ол үш түрлі сюжетке негізделген. Яғни оқиғаның басталуы, оқиға барысы мен аяқталуы – әртүрлі уақыт кеңістігінде өрбиді.

Мәселен, шығарма «ақынмын», «жазушымын» деп әңгіме-дүкен құрып отырған үш мас жігіттің бейнесімен басталса, әрі қарай жазушы тіпті қасқырға айналған халықтың мифтік сипатын көрсетеді. Осындай екі бөлек оқиғадан шығарма қорытындысы, шешімі шығады. Оны біз шығарманың үшінші сюжеті деп қарастырсақ болады.

Меніңше, шығарманың «Бөрі соқпақ» аталуынан біз бөрінің, қасқырдың жүрген жолы баяндалатынын түсіне алуымыз қажет. Ежелгі деректерге сүйенсек, қазақ халқы бөріден шыққан, көкжалтегі деп келеді [5]. Яғни автор осы фактіні негізге ала отырып, тарихымыздың анау заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен жолын, жалпы қазақ сипатын осы дерек арқылы танытатын секілді.

Яғни әңгіме басындағы үш мас жігіттің орыс сөздерін қосып, бір-біріне «ақынмын», «жазушы болып қойғанмын» деуі қазіргі замандағы адам мінезінің бұрынғы халықтан өзгешелігі, сәл мақтаншақтық пен сауатсыздығын көрсетсе, «қасқыр емгенбіз, қазір енді бөтелке еміміз» деуі ішімдікті, оның бүгінгі таңда күшін, әсерін меңзейді [4; 87].

Кейін бұл кейіпкерлер диалогі кенет бөлініп, әңгіме түгелдей Т. қаласының тұрғындарының қасқырға айналып кетуіне жылжиды. Міне, аталмыш осы сюжеттен қазақ рухы, тегі, халқы түгелдей бөрімен байланысты екені байқалады.

«Отағасы, ертең де жорыққа аттанасыз ба?

– Енді мен күнде жортамын

– Үйіңізге, үйіріңізге соғып тұрасыз ғой, әйтеуір?

– Үйбай-оу, о не дегенің? Менің жортуылдарымның бәрі үйірімнің қамы емес пе?» - деген қасқырлар әңгімесінің өзінен біз қазақ ерлерінің мінезін, жауапкершілігі мен нағыз қорған бола алатынын байқай аламыз [4; 91]. Осы сияқты тұстар өте көп, яғни қасқырларды топ болып аң-жануар, құс аулауы, олардың әрдайым жақындарын ойлап, соларға тамақ беруі, бір-біріне деген сенімі – бәрі де халқымыздың ежелден қалыптасқан сипатын, мінезін көрсете алады. Осы сюжет бойынша, қасқырлардың жем іздеуі үшін, қаладан ауылға кететіні белгілі. Сол мезетте көкжал көсемінің соңында жалғыз қалып, артынан ермеген қасқырлардың «Біз – міне, қала қасқырларымыз. Бұрын соңды болмаған жайлы тұрмыс. Жан рахаты. Мынау қабат-қабат зәулім үйлер тұрғанда айдаладан апан қазып, алас ұрғанымыз кімге дәрі? О не сорым?» - деп тіл қатулары оқырманды бірден қазіргі заманға әкеледі [4; 92]. Одан кейін жазушы он төрт жасында айдауға түскен атасының әңгімесіне көшеді. Бұл арқылы автордың әңгіменің ішінде әңгіме қолданғаны көрінеді. Атасының абақтыға жабылып, сонда азап шеккені баяндалады. Осы тұста оның түс көріп, сол түсін жортуы да қазақ халқының бір өзгешелігін, құндылығын айқындайды. Себебі түс жору – ұлтымыздың салтында өте ерте, ықылым замандардан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ғұрыптардың бірі. Ежелден бастап халқымыз түске аса мән беріп, оны түрлі жолмен жорыған [6].

Жалпы алғанда, жазушы бұл шығарманы параллелизм арқылы жеткізген секілді. Себебі екі ұдайы оқиғаны (қасқырлар тіршілігі мен соғысқа аттанған атасының жайы) баяндай келе, соңында үш жігіттің әңгімесіне ұштастырады. Міне, бұл жазушының басты ерекшелігі деп білемін. Ал шығарма идеясын, әдеттегідей, әр оқырман өз түйгенінше анықтайды. Меніңше, бөрітегі халқымыздың әубастан бойында бар заңды рухын асқақтай келе, қазіргі замандағы сипатын, яғни патриоттылықтың, рухтың әлсіздеуін көрсету – жазушы Д. Қуаттың көздегені болды.

Шығарма көркемдігі аса жоғары екені де рас. Яғни әңгіме негізінен кейіпкерлер диалогі арқылы өз жалғасын тауып, өрбігендіктен, тез оқылады. Алайда әртүрлі сюжетке

негізделгендіктен, жоғарыда айтқандай, бір оқығаннан түсіну қиындау. Сонымен қатар метафора арқылы адамдарды қасқырға айналдырып, олардың іс-әрекетін аң бейнесімен суреттейді. «Түлей түзде ол өзінің аты-жөнін жалпылдаған ауыздарға айтқыза бермейді. «Ит-құс» дейді оны қырдағы жұрт, «Абалақ» дейді» деген үзіндіден жазушы табу сөздерді де қолданғанын байқаймыз, бұл да халқымыздың құндылығын ерекшелеу, даралығын айқындау деп білемін [4; 88]. Өйткені қазақ халқы үшін табуда екі ұғым — киелілік пен тыйым салынғандық, қасиеттілік пен қорқыныш тоғысады. Табу сөз белгілі бір тұлғаларға да, белгілі бір қоғамдық ұжымдарға да қатынасты қолданыла береді [7]. Сонымен қатар, шығармада аталған барлық кейіпкер өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Оларға автор қысқаша тоқталса да, біз олардың мінез-құлқын оқиға желісі бойынша өзіміз анализ жасап, анықтап ала аламыз.

Жалпы қаламгердің кез келген шығармасын алсақ та, өзімізге қажет белгілі бір ой түйеміз. Мәселен, жазушының «Мүйіз тарақ» әңгімесі кейуананың күнделікті өмірін суреттеуден басталып, бала күнінде туған ауылында көз алдынан өткен осы оқиғаны еске алуымен аяқталады. Осы арқылы ол кейіпкер психологиясын, кезең тынысын, жалғыздық пен кәрілікті бір ғана деталь – мүйіз тарақ айналасында суреттей алған. Ол жайлы белгілі ақын Ерлан Жүніс те өз пікірін білдіре кетеді: «Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесі – кісі көңіліне ала-сапыран күй кештіретін, кейіпкер қайғысы арқылы ұлттық трагедияларға өтетін, бөлшек арқылы бүтінді көрсететін, жаңа қазақ прозасының талабына толық жауап беретін, он бет арқылы ондаған жылдар туралы ой тудыратын шығарма» [8].

Қорыта келе, Д. Қуаттың прозалық шығармашылығының жан-жақты, қоғамдық проблеманы қозғай алатын маңызды туынды деп қарастырсақ болады. Себебі оның туындыларының қай-қайсысын алсақ та, өз өміршеңдігімен ерекшеленеді. Бір жағынан тарихи фактілер келтіре отырып, жаңа заман көрінісін суреттесе, екінші жағынан адам психологиясын қозғап, оқырманды толғандыратын сауалдар қоя білетін бірден-бір жазушы екеніне көз жеткізе алдық деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/58934>
2. <https://abai.kz/index.php/post/72870>
3. <https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10942-bayyzdan-zhrt-nege-orady.html>
4. Дәурен Қуат «Әлқисса». – Алматы: «Дәстүр», 2015. – 232б.
5. <https://7-su.kz/news/cat-4/4472/>
6. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2034172-tus-zoru-ezelgi-qazaq-tusti-nege-suienip-zorygan/>
7. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Табу>
8. <https://egemen.kz/article/279424-ush-tort-dgane-dgalghyzydyq>

Қойшыбек Дана Бақытқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

dana.bakytkyzy@list.ru

*Ғылыми жетекші:
п.ғ.м. Б.Е.Сыздыкова*

ҚОЙШЫБЕК МҮБӘРАК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ АРХЕТИПІ

Архетип жайлы әдебиеттануда көптеген анықтамалар бар. Карл Густав Юнг архетип дегенде еске бірден келетін, сақ етіп санамызда сақталған тұлға. Десек те, Юнгқа дейін де архетип жайлы деректер келтірілген. Оған архетипті-ұжымдық бейсаналық тұрғыда қарастырған Платон еңбектері дәлел. Юнгтың ұстазы Фрейд миды екі қабат негізінде қарастырып, бірінші қабат-сана, екінші қабат-бейсаналық, деп көрсетеді. Ал, Юнг болса